



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 9 ақпан

Д. Ақышев – Банк секторын қалыпқа келтірмей нақты секторды қорландыруды жаңарту жөніндегі міндеттерді шешу мүмкін емес еді

2017 жылы Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы іске асырылды, оның басты бағыттары ірі банктерді қалыпқа келтіру және Ұлттық Банктің реттеуіш-қадағалау функцияларын жетілдіру болды.

Бұл туралы Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтып берді.

«Бірінші – банк секторындағы проблемаларды тану және оны қалыпқа келтіру бойынша шаралар кешенін іске асыру», - деді Д. Ақышев.

Өзінің баяндамасында ол 2017 жылға дейін банк секторы 2008-2009 жылдардағы дағдарыстан бері созылып келе жатқан проблемаларды баяу шешкенін атап өтті. 2013 жылы банк жүйесінің бүкіл несие портфелінен 33% болған проблемалық қарыздардың жоғары деңгейі жүйелік шешімдерді талап етті.

«Алайда банктер көп жағдайда консервативтік позицияда болды. Банктер проблемаларды нақты танудың орнына қарыз алушыларды қайта құрылымдауды және қайта біліктілігін арттыруды жүргізді, жекелеген кредиттер есептен шығарылды. Алайда банк жүйесінің балансы жаппай қалыпқа келтірілген жоқ», - деді Д. Ақышев.

Д. Ақышевтың айтуынша, нарыққа кейбір қатысушылар акционерлермен және менеджментпен байланысты тұлғаларды кредиттеу бойынша тәуекелді саясат жүргізе берді. Алайда 2000 жылдары мұндай қызмет банктердің шетелден қарыз ақшасы есебінен болса, соңғы жылдары мемлекеттің қаражаты есебінен қаржыландырылды. Мемлекеттік холдингтердің және квазимемлекеттік компаниялардың банктердегі шоттарында 7,2 трлн. теңгеден астам қаражат бар. 2010 жылы 2,5 трлн. теңге болды. Осылайша, ол 3 есе өскен. Банктердің міндеттемелерінде осындай қаражаттың үлесі 20%-дан 34%-ға дейін өсті.

Нәтижесінде көптеген орташа банктер ірі болды, шағын банктер орташаға айналды. «Егер ол қорландырудың дифференциалды көздеріне құрылса, тартылған ақшаны пайдалануда ақылға қонымды тәсіл болса, бұл өсудің қалыпты процесі», - деді Д. Ақышев. Бұл ретте ол өткен жылдың мысалдары кейбір банктерде осындай тәсілдің болмауын көрсеткенін атап өтті.

«Лицензиясынан айырылған Дельтабанкте кредиттердің 100% жуығы банк акционерінің бақылауындағы компанияларға тиесілі болды. Банктің есептілігінде бұл көрсетілмеген. Ол тексеру нәтижесінде анықталды. Бұл банк міндеттемелерінің 60% квазимемлекеттік құрылымдардың шоттары құрады. РБК Банкінде кредиттердің 90%-ы банк акционерлері не байланысты тұлғалар болып табылатын төрт қарыз алушыға берілген», - деді қаржы реттеушісінің басшысы.

Д. Ақышев, әдеттегідей, осындай кредиттерді беру кезінде қарыз алушыларды бағалау рәсімі толық ескерілмейді, жеңілдігі бар мөлшерлеме пайдаланылады, қамтамасыз етілген кепілдер және басқалары талап етілмейді деп атап өтті. Нәтижесінде осындай кредиттердің көпшілігі қайтарымсыз болып табылады, ал банк мұндай кредиттерді беру кезінде өзін төлем жасауға қабілетсіз болуына итермелейді.

«Капитал жеткіліксіздігі және қарыз алушылардың тәуекелдерін бағалау жүйесінің тиімсіздігі, сондай-ақ банктерді қалыпқа келтіру бойынша нақты іс-қимылдардың болмауы салдарынан банк секторындағы проблемалардың қауіпті шоғырлануы орын алды, ол 2015 жылы ұлттық валюта бағамының айтарлықтай өзгеруінен кейін күшейді. Сондықтан банк секторын нақты қалыпқа келтірместен, экономиканың нақты секторын қорландыруды жаңарту бойынша, Мемлекет басшысы қойған міндетті шешу мүмкін болмас еді», - деді Д. Ақышев.

Данияр Ақышев отырыста Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасының негізгі бағыттары туралы айтып берді

Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Үкіметтің отырысында Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасының негізгі бағыттары туралы айтып берді.

Бағдарламаның бірінші бағыты. «Үкіметпен бірге өткен жылы БТА Банкпен біріктірілгеннен кейін көп проблемаларға ұшыраған жүйе құраушы банк – Казкоммерцбанк толығымен қалыпқа келтірілді. Нәтижесінде БТА Банкке берілген кредитті Проблемалық кредиттер қоры сатып алды, ал Казкоммерцбанктің өзі қайта капиталдандыру бойынша міндеттемелерге айырбасталып, стратегиялық инвесторға сатылды. Мемлекеттік қолдау арқасында халықтың депозиттері, 4,5 трлн. теңге сомадағы мемлекеттік және жеке компаниялардың қаражаты сақталды», - деді Д. Ақышев.

Бағдарламаның екінші бағыты. «Әлеуметтік маңызды және нарыққа біршама үлесі бар ірі банктерді қолдау. Ұлттық Банк барлық банк жүйесі активтерінің 28%-ын құрайтын 5 банктің қатысуын мақұлдады. Оларға халықтың 2 трлн. теңгеден астам депозиттері және квазимемлекеттік компаниялардың 2,2 трлн. теңге депозиттері мен шоттары орналастырылған. Бағдарламаның шеңберінде банктерді үстеме капиталдандыруға мемлекет пен акционерлердің ортақ қатысу схемасы іске асырылды. Мемлекеттік қолдау 653 млрд. теңге болды. Аталған банктердің акционерлері 421 млрд. теңгеге банктерді үстеме капиталдандыру бойынша және нашар кредиттерді 1,2 трлн. теңгеден астам сомаға төмендетуге міндеттеме қабылдады. 665 млрд. теңге есептен шығарылды», - деп айтып берді қаржы реттеушісінің басшысы.

Д. Ақышевтың айтуы бойынша, бағдарлама іс жүзінде банктердің орнықтылығын арттырды және экономиканы кредиттеуді кеңейтуге айтарлықтай әсер етті. Экономикаға Казкоммерцбанкті қоса алғанда, үстеме капиталдандыру алған банктерге жаңа қарыздар беру 781 млрд. теңге болды.

«Алайда, қолдау көрсету бағдарламалары елдегі қаржылық тұрақтылық үшін мәні бар ірі институттарды ғана қамтуға тиіс екендігін халықаралық тәжірибе растап отыр. Оның үстіне, мемлекеттен жеңілдетілген ресурстар ұсыну опциясы қаржы институттарының акционерлері арасында масылдық көңіл-күйді дамытуға жол бермеу мақсатында тек қысқа мерзімді сипатта болуға тиіс», - деді Д. Ақышев.

Ол мемлекеттің тұрақты қолдау желісі барлық банк үшін олардың банк жүйесіндегі рөлі мен мөлшеріне қарамастан мемлекеттен арзан ақша алуын ынталандыратынын

айтып берді: «Біз ахуалы жалпы қаржы тұрақтылығына ешқандай қауіп төндірмейтін шағын банктер бағдарламаға қатысатынына сеніп отырғанын көріп отырмыз. Сондықтан Ұлттық Банк Басқармасы 2018 жылғы 6 ақпанда Бағдарламаны ірі банктерді үстеме капиталдандыру бойынша шаралар бөлігінде іске асыруды аяқтауға шешім қабылдады. 2018 жылғы 7 ақпаннан бастап банктердің өтінімдерін қарау тоқтатылды, ал осы мерзімге дейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды».

Бағдарламаның үшінші бағыты. «Банктерді қолдаудың дағдарысқа қарсы шараларын іске асырғаннан кейін секторды орнықты дамыту шараларына көшеміз. Бірінші кезекте, бұл болашақта кредиттеу кезінде қаражатты мақсатсыз пайдалану проблемаларына жол бермеу. Банктер тарапынан аса сақтықпен саясат жүргізу. Біз реттеуші провизиялар тетігін қалыпқа келтірдік. Банктердің жаңа № 9 қаржылық есептілік стандартына бейімделуі бойынша жұмыс жүргізудеміз.

Екіншіден, Ұлттық Банктің қадағалау мандатын күшейту. Тәуекелі жоғары саясат жүргізетін банкке қатысты реттеушінің алдын ала ықпал ететін мүмкіндіктері болуға тиіс. Бұл тәуекелге бағдарланған қадағалау деп аталады. Ол банк секторында осындай проблемалардың қайталануына жол бермеуге мүмкіндік береді. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүддесін қорғауды күшейтеді», - деді Д. Ақышев.

Ол bail-in тетігін заңнамалық бекіту арқылы банктің тәуекелдерін оның ірі кредиторлары арасында бөлу көзделетіндіктен, бұдан мемлекетке де пайда келетіні туралы атап өтті.

Ол үшін Үкіметке енгізілген Ұлттық Банк туралы заңға және салалық заңнамаға түзетулерді жылдам қабылдау қажет. Д. Ақышев Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Парламентіне түзетулерді жылдам қарауды қолдау туралы өтініш білдірді.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz